

**Ресми рецензент Нургалиев Биржан Елубаевичтың  
6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін тағайындалуына ұсынылған  
Ахметжанова Айжан Еркінгазыевнаның «Қойдың стронгилятозды-эймериозды инвазиясын алдын алу, емдеу және етінің сапасы»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына берілген жазбаша пікірі**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс келесі бағдарламалар аясында орындалды: Ғылыми жұмыс бастамалы жоба негізінде орындалған («Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті» КеАҚ Ғылыми кеңесі отырысының 2023 жылғы 30 наурыздағы №7 хаттамасы).
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Ғылыми жұмыс ветеринария ғылымының дамуына үлесін қосады. Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша антипаразиттік препарат дайындап пайдалы модельге патент алған, Паразиттерге қарсы ветеринарлық құрам / ҚР пайдалы модельге патенті / №3269, 18.10.2018 ж, Эймерияларға қарсы дәрмек / ҚР пайдалы модельге патенті / №3263, 18.10.2018ж. сондай-ақ қойларға арналған антигельминтикалық және радиопротекторлық минералды-тұзды брикетті қолданған (Қойға арналған биологиялық белсенді азықтық қоспа / ҚР пайдалы модельге патенті / №4169, 16.07.2019 ж.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары;	Жоғары. Диссертация ғылыми тілде, түсінікті жазылған, зерттеу нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме

		2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	жасалған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Негізделген. Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығынан ашылған, себебі бүгінгі таңда сапалы ет алуда инвазиялардың тигізетін кері әсері көп. Осыған байланысты, қойдың сойыс өнімдеріне ветеринариялық -санитарлық баға беріп, тиімді емдеу және алдын алу шараларын әзірлеген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Айқындайды. Диссертация тақырыбы ойдың стронгилятозды-эймериозды инвазиясын алдын алу, емдеу және етінің сапасы болса, осы сұрақтар толықтай диссертация мазмұнында ашылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Сәйкес келеді. Жұмыстың алдына қойылған мақсат пен міндеттер тақырыпқа сәйкес келеді, міндеттер толықтай орындалған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Толық байланысқан. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері мен құрылысы өз ара логикалық байланыста, Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Семей полигоны радиациялық қауіпті аймақтарында орналасқан қой шаруашылықтарының радиациялық фонын анықтау, шаруашылықтарда қойдың аралас инвазиясының таралу динамикасының көрсеткіштері, қой шаруашылықтарында қойлардың стронгилятозды-эймериозды инвазиясының түр құрамы мен таралу динамикасын анықтау, қойдың стронгилятозды-эймериозды инвазиясы кезіндегі еттің сапасы, органолептикалық және химиялық көрсеткіштері, Қойлардың ассоциативті инвазиясына қарсы жаңа антгельминтик және антиэймерийлік бірнеше композицияларды әзірлеу және сынау, қойдың стронгилятозды-эймериозды инвазиясын алдын-алу шаралары зерттелген.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен	Сыни талдау бар. Автор зерттеу барысындағы жаңа композициялар ветеринариялық паразитологияның өзекті мәселелерін шешуде инновациялық рөлге ие, себебі олар бүгінгі

		салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	күннің басты мәселесін, яғни қойлардың аралас инвазиясына қарсы жаңа кең спекторлы препараттарды ұсынуды шешеді. Әрбір қолданған әдіске сыни талдау жасалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жартылай жаңа. Семей полигоны радиациялық қауіпті аймақтарында қойдың ассоциативті инвазиясына дегельминтизация жүргізу үшін және радиоактивті заттардың мөлшерін азайту мақсатында жаңа азықтық композициялар әзірленген. Стронгиятозды-эймериозды инвазиясындағы қой етінің сапасының ветеринариялық-санитариялық бағалануы ғылыми тұрғыдан негізделген.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Толығымен жаңа. Алғашқы рет Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Семей полигоны радиациялық қауіпті аймақтарында орналасқан қой шаруашылықтарының радиациялық фоны, қойлардың стронгиятозды-эймериозды инвазиясының түрлік құрамы мен эпизоотологиялық жағдайы анықталған. Шаруашылықта жаңа дәрілік композициялар қойдың аралас инвазиясын емдеуге қолдануға ғылыми негізделген ұсыныс жасалған.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Жартылай жаңа.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Зерттеулер нәтижесінде алынған және диссертациялық жұмыста баяндалған ғылыми деректер, қорытындылар және ұсыныстардың ғылыми негізделу дәрежесі жоғары. Ғылыми нәтижелердің логикалық байланысы және ғылыми тұрғыда құндылығы бар.
7.	Қорғауға	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар толығымен дәлелденді.



	шығарылған негізгі қағидаттар	жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың қорғауға шығарылған қағидаттары тривиалды емес, жаңашылдығы бар. Диссертант өзінің диссертациялық жұмысында алғаш рет қойдың аралас инвазиясына қарсы жаңа дәрілік композициялар дайындап, пайдалы модельге патент алған. Сондай-ақ қойларға арналған антигельминтикалық және радиопротекторлық минералды-тұзды брикетті қоспаа дайындап, пайдалы модельге патент алған. Диссертациядағы нәтижелерді қой шаруашылықтарында инвазияның алдын-алуда қолдануға болады. Диссертациялық жұмыс көлемінде алынған материалдар докторанттың жарық көрген мақалаларында жан-жақты дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ 8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік	<b>Ия.</b> Әдістеменің таңдауы негізделген және диссертациялық жұмыстағы зерттеу міндеттеріне толық сәйкес келеді. <b>Ия.</b> Диссертация жұмысының нәтижелерін алуда компьютерлік технологиялар қолданылған. Қой еттерін дозиметрлік бақылау арқылы фондық деңгейін анықтау үшін «АТОМТЕХ» МКС-АТ6130 дозиметрін қолданылды. DSA – 1000 (CANBERRA) электросалқындатқыш детекторы бар гамма – спектрометрде жүргізілген. Алынған мәліметтерді өңдеу MS Excel 2010 (Microsoft) бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып, жалпы қабылданған статистикалық әдістермен жүргізілген. <b>Ия.</b> Диссертациялық жұмыстың қорытындылары зертхана жағдайында заманауи құрылғылармен, сондай-ақ жалпы әдістерімен алынған нәтижелермен дәлелденген және расталған.

		зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді отандық, шет елдік ғалымдарының ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасау арқылы расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті түрде қамтылған, диссертацияда 126 дереккөздер берілген, оның ішінде отандық ғалымдардың еңбектері - 45, жақын шетелдік ғалымдардың еңбектері - 70, алыс шетелдік ғалымдардың еңбектері - 21.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	<b>Ия.</b> Диссертацияның теориялық маңызы бар, себебі алғаш рет алғаш рет Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Семей полигоны радиациялық қауіпті аймақтарында орналасқан қой шаруашылықтарының радиациялық фоны, қойлардың стронгилятозды-эймериозды инвазиясының түрлік құрамы мен эпизоотологиялық жағдайы анықталған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	<b>Ия.</b> Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Алынған ғылыми зерттеулердің нәтижелері негізінде «Қойлардың стронгилятозды-эймериозды инвазиясын емдеу және алдын-алу бойынша жаңа азықтық қоспаны қолдану» ұсыныстары әзірленген және тәжірибеге қолдануға ұсынылған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.

		3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы - жоғары. Диссертациялық жұмыста тақырып бойынша отандық, ТМД елдері және шет ел ғалымдарының соңғы 5-10 жыл көлеміндегі зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне терең талдау жүргізілген. Қорытындылар жасалған жұмыс нәтижелерінен алынған.

**Шешім:** Ахметжанова Айжан Еркінгазыевнаға 6D120100 - «Ветеринарлық медицина» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесін (PhD) тағайындалуын ұсынамын.

Ресми рецензент,  
«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ,  
Ветеринарлық медицина және мал шаруашылығы институтының директоры, ветеринария ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



*Handwritten signature in blue ink.*

**Б.Е. Нурғалиев**

<i>Handwritten signature: Б.Е. Нурғалиев</i>
қолын қуалаймын, ПЖЖ басқармасының басшысы
20__ ж. «__»
«ЖӘНГІР ХАН АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН АГРАРЛЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ